

АНЫҚТАМА

2025 жылғы 23 қыркүйекте №38 қазақ орта мектебінде бракераждық комиссияның кезекті тексерісі жүргізілді.

Тексеріс барысында мектеп асханасында дайындалатын тағамдардың сапасы, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі және оқушылардың дұрыс әрі қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Комиссия мүшелері ас мәзіріндегі тағамдардың дәмін көріп, құрамына талдау жасады. Сонымен қатар асханадағы тазалық деңгейі, қызметкерлердің арнайы жұмыс киімдерін киюі және санитарлық талаптарды сақтауы тексерілді.

Тексеру қорытындысы бойынша дайындалған тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігі белгіленген талаптарға сәйкес екендігі анықталды.

Балалардың денсаулығы мен құнарлы тамақтануын қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты бақылауда.